

Жария сервитут белгілеу туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 25 сәуірдегі № 54 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 69, 71-1 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Іңкәрім" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің пайдалы қатты қазбаларды барлауға арналған 2024 жылғы 10 қаңтардағы №2363-ЕЛ лицензия негізінде, Жаңақорған ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Іңкәрім" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қатты қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алып қоймастан 2030 жылдың 10 қаңтарға дейінгі мерзімге жария сервитут белгіленсін.

2. "Іңкәрім" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер учаскелерінде жерге залал келтіретін жұмыстар жүргізу туындаған жағдайда меншік иелерімен немесе жер пайдаланушылармен жекеше сервитутты белгілеу туралы шарт жасасу міндеттелсін.

3. "Іңкәрім" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау және операция аяқталғаннан кейін бүлінген жерлерді қалпына келтіру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің тиісті сала орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

М. Самитов

Жаңақорған ауданы әкімдігінің

2025 жылғы 25 сәуірдегі

№54 қаулысына қосымша

"Іңкәрім" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жария сервитут белгіленетін жер учаскелерінің тізбесі

№	Ж е р пайдаланушылардың (меншік иелерінің) атауы	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскелерінің көлемі , гектар
1	"Жамбыл" шаруа қожалығы	10-149-040-3064	200,0
2	"Жиделі" шаруа қожалығы	10-149-040-3125	50,0
3	"Жамбыл" шаруа қожалығы	10-149-040-2749	200,0

4	"Жайна" шаруа қожалығы	10-149-040-2981	465,0
5	"Байтлес" шаруа қожалығы	10-149-040-1697	1870,64
6	Балтаев Абдисаттар Турекожаевич	10-149-040-3059	500,0
7	Рахимов Махсут Мадиевич	10-149-040-3213	250,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК